

«Аманат» жеке балабақшасы
«Балапан» ортанғы тобының қорытынды ата-аналар жиналысы
№ 1 ХАТТАМА

Өткізілген күні: «28» Тамыз айы 2025 жыл

КҮН ТӘРТІБІ

1. Топ тәрбиешілерімен таныстыру.
2. 2025–2026 оқу жылының мақсат-міндеттерімен таныстыру.
3. Балалардың күн тәртібі және балабақша ішкі ережелері.
4. Медбикенің кеңесі.
5. Әртүрлі мәселелер.

ТЫҢДАЛДЫ

Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Бергеналиева Айдана Асылбековна сөз алып, ата-аналарды жаңа оқу жылының басталуымен құттықтады. Балабақшаның жұмыс жоспары, оқу-тәрбие үдерісінің негізгі бағыттары, балалардың қауіпсіздігі мен сапалы білім алуына бағытталған жұмыстар туралы баяндады. Және де топ тәрбиешілері өздерін таныстырып, кәсіби қызметтері мен алдағы оқу жылында жүргізілетін жұмыстар туралы ақпарат берді. Ата-аналарға тәрбиешілермен байланыс жасау тәртібі түсіндірілді.

Екінші мәселе бойынша тәрбиешілер 2025–2026 оқу жылының мақсат-міндеттерімен таныстырды. Балалардың танымдық қабілеттерін дамыту, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, шығармашылық және әлеуметтік дағдыларын жетілдіру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілетіні айтылды.

Үшінші мәселе бойынша ата-аналарға балабақшаның күн тәртібі мен ішкі ережелері таныстырылды. Балаларды уақытылы қабылдау және алып кету, санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау, баланың денсаулығына жауапкершілікпен қарау мәселелері түсіндірілді.

Төртінші мәселе бойынша балабақша медбикесі балалардың денсаулығын сақтау, маусымдық аурулардың алдын алу, дұрыс тамақтану және жеке бас тазалығын сақтау жөнінде кеңестер берді.

Бесінші мәселе бойынша ата-аналар комитетінің құрамын сайлау мәселесі қаралды. Ашық дауыс беру нәтижесінде төмендегі құрам бекітілді:

Сөз сөйлегендер:

1-ата-ана: А.Б.Бауыржанқызы

Балалардың қауіпсіздігі мен тәрбиесіне жасалып жатқан жағдайларға ризашылығын білдіріп, ата-аналар атынан балабақша ұжымына алғыс айтты. Жаңа оқу жылында да өзара ынтымақтастықта жұмыс істеуге дайын екендігін жеткізді.


2-ата-ана: М.А.Амангалиевна

Балалардың жан-жақты дамуы үшін ұйымдастырылатын іс-шаралардың маңыздылығына тоқталып, балабақша мен ата-ананың бірлескен жұмысы жақсы нәтиже беретінін атап өтті. Жаңа оқу жылына сәттілік тіледі.

ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ:


1. 2025–2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспары назарға алынсын.
2. Балалардың қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтау шаралары тұрақты бақылауда ұсталсын.
3. Ата-аналар балабақшаның ішкі тәртіп ережелерін сақтауды қамтамасыз етсін.
4. Балалардың жан-жақты дамуына бағытталған оқу-тәрбие жұмыстары жүйелі түрде жүргізілсін.
5. Ата-аналар комитетінің жаңа құрамы бекітілсін.

Төрайымы:



Ө.А. Қайырбекқызы

Хатшысы:



К.Д. Саматовна



**«Аманат» жеке балабақшасы
жалпы ата – аналар жиналысының**

№ 2 хаттамасы

20.01.2026 ж.

Қатысқандар: 14

Күн тәртібінде:

1. «Бала денсаулығын күтіну» Медбике А.Баймаханова
2. «Бала дамуындағы оң қадамдар» баяндама Өмірбай.А.Қ
3. Ата - аналармен тренинг.

ТЫНДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша медбике сөз бастады.

Құрметті ата аналар Балаларымыздың денсаулығы ең басты назарда, Күн сайын таңертен тексеріп, дене қызуын өлшеп, тазалық ережелерін қадағалап отырамыз. Ауру белгілері болса дереу анасына хабарласамыз. Сіздерденде өтініш: балалардың тазалығы мен денсаулығын уйде мән беріп, балабақшаға тек сау күйінде әкелулеріңіз сұралады.

Бәріміз бірігіп бала денсаулығына жауапкершілікпен қарайық. Балабақшамыздағы тағам сапасы мен гигиенасна ерекше көңіл бөлеміз. Күнделікті пайдалы тағамдар әзірленеді. Бала дұрыс тамақтанса дені сау, сергек болады. Сонымен қатар қазір қыс айында тұмау ауруы мен қызылша ауруы өршіп тұр. уақытына балаға екпе салдыртыңыздар, қайтадан қызылша ауруы балалар арасында және қаламызда көп өршіп жатыр.

Екінші мәселе бойынша тәрбиеші А.Габдуалиева

Таңертеңгі 08-00-ден бастап кешкі 18-00-ге дейін бала тәрбиешінің қарауында болады. Балабақшадағы бала тәрбиесінің күн тәртібі 12-сағатқа шамаланған.

Ата-аналарды күн тәртібі мен таныстыру, ондағы ұйымдастырылған іс - әрекеттері бойынша мағлұмат беру. Білім дағдылары мен білімдерін толық таныстыру.

Үшінші мәселе бойынша тәрбиеші Ө.А.Қайырбекқызы

« Бір жарты жылда қамтылған балаларды бақылау парағы бойынша пайызбен көрсеткішін оқыды. Бала дамуын жеке жеке тоқталу

Тобымызда барлығы 16 бала

9 бала, 7 қыз

Балалардың даму деңгейі жас ерекшеліктеріне сәйкес бақылануда. Балалардың көпшілігі ата анасымен тәрбиешімен және құрдастарымен қарым қатынас жасауға талпынады. Қарапайым сөздер мен сөз тіркестерін қолданады. Қимыл қозғалыс белсенділігі қалыптасу үстінде: жүру, жүгіру, қарапайым қимылдарды орындау дағдыларын дамыту. Заттармен әрекет ету, ойыншықтарды ажырату, түстерді тану қабілеттері біртіндеп қалыптасып келеді. Кейбір балаларда тілдік қорды байыту, ұсақ қол моторикасын дамыту және зейінін тұрақтандыру бағытында жеке жұмыс керек

Баланы тәрбиелеу, дамыту және білім беру мәселелерінде отбасы мен балабақша ұжымының бірлескен өзара тығыз байланыста болуы. Бала тәрбиесі ана сүтінен бастап, өмір бойы қалыптасатын күрделі құбылыс.

Төртінші мәселе бойынша балабақшамыздың тәрбиешісі Ө.А.Қайырбекқызы ата –аналарға бейнеролик көрсетті.

Бесінші мәселе бойынша балабақшамыздың тәрбиешісі А.Қайырбекқызы ата-аналармен тренинг өткізді.

Ата-аналар жиналысының шешімі:

1. Ата - аналар балаларды таңертең балабақшаға уақтылы алып келу.
2. Балаларды себепсіз балабақшадан қалдырмау.
3. Баланын дамуы туралы түсінік ой қалыптастыру.
4. Балаларды бірлесе отырып тәрбиелеу.

Төрағасы:




Ө.А. Қайырбекқызы

Хатшы:



К.Д. Саматовна



«Аманат» жеке балабақшасы
«Балапан» ортанғы тобының қорытынды ата-аналар жиналысы
№ 3 ХАТТАМА

Тақырыбы: «Шаттыққа толы бір жыл!»

Қатысқандар: 10 ата-ана

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Тәрбиешілердің 2025–2026 оқу жылы бойынша есебі.
2. Медбикенің кеңесі.
3. Балалардың бір жылдық мониторинг қорытындысы.
4. Ағымдағы мәселелер

ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша топ тәрбиешілері оқу жылы барысында жүргізілген білім беру және тәрбиелеу жұмыстары жөнінде есеп берді. Балалардың сөйлеу тілін дамыту, шығармашылық қабілеттерін жетілдіру, ұсақ моториканы дамыту, мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілгендігі айтылды. Жыл басымен салыстырғанда тәрбиеленушілердің ортаға бейімделуі мен танымдық белсенділігінің артқаны атап өтілді.

Екінші мәселе бойынша балабақша медбикесі Ақмарал Баймахановна балалардың денсаулығын сақтау, дұрыс тамақтану, күн тәртібін сақтау, жаз мезгіліндегі қауіпсіздік шаралары туралы кеңестер берді. Ата-аналарға балалардың иммунитетін нығайту мақсатында дәрумендерге бай тағамдарды пайдалану және таза ауада серуендеу қажеттілігі түсіндірілді.

Үшінші мәселе бойынша тәрбиешілер балалардың жылдық мониторинг нәтижелерімен таныстырды. Мониторинг қорытындысы бойынша тәрбиеленушілердің танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік және шығармашылық даму деңгейлерінде оң көрсеткіштер байқалғаны айтылды. Балалардың түстер мен пішіндерді ажырата білуі, сөздік қорының молаюы, өзара қарым-қатынас дағдыларының қалыптасуы және шығармашылық әрекеттерге қызығушылығының артқаны көрсетілді. Балалардың жыл бойғы жетістіктерін көрсететін слайдтар мен бейнематериалдар ұсынылды.

Төртінші мәселе бойынша ата-аналармен «Жылы лебіз» психологиялық тренингі өткізілді. Тренинг барысында ата-аналар өз балаларына арналған

жылы лебіздері мен ізгі тілектерін білдірді. Сонымен қатар «Балалық шақ естелігі» және «Балаңызды қаншалықты танысыз?» атты ойындар ұйымдастырылып, ата-аналардың белсенді қатысуымен жағымды психологиялық қалыптастырылды.

Қаулы етті:

1. 2025–2026 оқу жылында жүргізілген оқу-тәрбие жұмыстары қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Ата-аналар мен тәрбиешілер арасындағы ынтымақтастық нығайтылып, бірлескен іс-шаралар тұрақты түрде ұйымдастырылсын.
3. Балалардың денсаулығын нығайту, қауіпсіздігін қамтамасыз ету және жазғы демалысын тиімді ұйымдастыру бойынша ұсыныстар назарға алынсын.
4. Балалардың жеке қабілеттерін дамыту бағытындағы жұмыстар жалғастырылсын.

Төрайымы:



Хатшысы:



Ө.А.Қайырбекқызы

К.Д.Саматовна

